

Ақпараттық хабарлама

«БЖЗК» АҚ жанындағы Қоғамдық кеңестің 12-ші отырысы болды

Қоғамдық кеңестің кезекті отырысы «БЖЗК» АҚ 2019 жылдың алғашқы жартысындағы қызметі туралы есептемені тыңдаумен басталды.

«БЖЗК» АҚ қызметінің негізгі көрсеткіштерінің даму серпіні оң сипатқа ие. Атап айтар болсақ, жеке зейнетақы шоттарының саны – 104,7 мың бірлікке артып, олардағы жинақтардың өсімі – 614,6 млн теңгені құрады. Ал салымшылардың жеке зейнетақы шоттарына есептелген таза инвестициялық табыс – 257,5 млрд теңгеге жетті. Егер жылдық тұрғыда алып қарайтын болсақ, зейнетақы жинақтарының табыстылығы соңғы 12 ай ішінде 9,65 пайызды құрады. Бұл кезеңде инфляция деңгейі 5,4 пайызды көрсетті. Осылайша зейнетақы активтерінің табыстылығы инфляциядан жоғары болып, нақты табыстылық 4,25 пайызға жетіп отыр.

Кеңес мүшелеріне шартты-жинақтаушы құрамдауыш аясында жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын енгізу бойынша көрнекі таныстырылым ұсынылды. Бұл жарналар Қазақстан Республикасының зейнетақы жүйесін жаңғырту жолында алғашқы қадам болмақ. Бұл ретте Кеңес мүшелері жұмыс берушілердің қосымша аударымдары шағын және орта бизнеске түсетін жүктемені арттыратындығы туралы өз пікірлерін білдірді. Қор қызметкерлері өз кезегінде таныстырылым аясында нақты дәлелдер келтіре отырып, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарының арқасында болашақта азаматтардың зейнетақымен қамсыздандырылу деңгейі арта түсетіндігін жеткізді.

Осылайша зейнетақымен қамсыздандыру жауапкершілігі мемлекет, жұмыс беруші және жұмыскер арасында барынша оңтайлы үлестіріледі. Бұл ретте салыстыру үшін Сингапур, Малайзия, Швеция, Израиль секілді шет мемлекеттердің тәжірибелері келтірілді. Бұл елдерде жұмыс берушілердің аударатын зейнетақы жарналарының көлемі Қазақстанға қарағанда жоғары екендігін айта кеткен жөн.

Күн тәртібінде проблемалық эмитенттермен жұмыс жүргізу мәселесі де көтерілді. Мысалы, Қордың өтінішхатын ҚР Жоғары сотында қарау нәтижесінде «Қазақстан Қағазы» АҚ эмитентіне қатысты оңалту рәсімі қайта жаңғыртылды. Осы үдеріс барысында эмитенттің Қор алдында 219 млн теңгеге берешегі өтелді. Қор «Атамекен-Агро» АҚ эмитенті бойынша сот арқылы 1,6 млрд теңге көлеміндегі берешекті өндіріп алу шарасын жүргізді. Жеке зейнетақы қорларындағы зейнетақы активтерін Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына біріктірген сәттен бастап қазіргі уақытқа дейін өтелген берешектердің жалпы сомасы 19,3 млрд теңгені құрады. Қордың проблемалық активтерді қайтару бойынша жұмыстары одан әрі жалғасуда.

Кеңес мүшелері өз кезегінде Қордың салымшылармен арадағы сапалы және ұтқырлы жұмысын жоғары бағалады. Сонымен қатар электрондық қызметтерді пайдаланушылар санының артқандығы атап өтілді (Қор қызметтерінің 80 пайызы электрондық форматта көрсетіледі), сондай-ақ «БЖЗК» АҚ сайтына қарап шығу саны артты (25 млн рет қаралды).

Отырыс соңында ұйымдық сауалдар мен Кеңестің алдағы жұмысы бойынша ұсыныстар талқыланды.